2. Қоғамның меншік құқығында акционерлерінің мүліктерінен ерекшеленген мүлкі бар және осы мүліктермен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүлдік және жеке мүліксіз құқықтар мен міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
3. Қоғамның жеке теңгерімі (балансы) бар.
4. Қоғамның мүлкі оның акцияларына төлеу үшін салынған ақша есебінен, қоғамның табыстарынан және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған басқа да табыс көздерінен құралады.
5. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде филиалдарын және өкілдіктерін ашуға, қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, және басқа да заңды тұлғалар ашуға құқылы.
6. Қоғам міндеттеме бойынша өзіне тиісті мүліктерге жауапты. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты емес. Қоғамның Акционері міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайда қосқан үлесі құнының шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығын қатерін атқарады.
7. Қоғам айырбасталатын құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

5 бап. Қоғамның реквизиттері

1. Қоғамның атауы бар мөрі, бланктері, мөртабаны және оның бірегейлігіне және қызметіне қажетті басқа да реквизиттері бар.

2 тарау. Қоғамның қызметі

6 бап. Қоғам қызметінің мақсаты.

1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылады.
2. Осы баптың бірінші тармағында көрсетілген Қоғам қызметінің мақсаттары Қоғам органдарының құзыреті шегінде анықталады.

7 бап. Қоғамның қызметі:

1. Қоғам қызметінің түрлері:

- мұнай өнімдерін шығару;
- көмірсутекті шикізат қорларына геологиялық барлау жасау, мұнай, газ конденсатын және басқа көмірсутекті шикізатты кен орнында шығару, өңдеу, мұнайгаз өнімдерін сақтау, тасымалдау және сату;
- көмірсутекті шикізатты өңдеу және электр қуатын өндіретін қондырғыларды жобалау, дайындау, салу және пайдалану;
- халық тұтынатын тауарларды өндіру;
- халыққа және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;
- өнеркәсіптік өндіріс тауарларын бөлшектеп және көтерме сату;
- адвокаттық қызметпен байланысы жоқ ақылы заңдылық қызмет көрсету;
- коммерциялық және саудалық-делдалдық сыртқы экономикалық қызмет;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған және Қоғам қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін басқа да жұмыс түрлерін жүргізу болып табылады.

8 бап. Қоғам қызметінің шарттары

1. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес лицензиялауға жататын қызмет түрін Қоғам тек лицензия негізінде және лицензиямен ғана жүзеге асырады.

2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын, осы Жарғының нормаларын және Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының белгіленген құзырлығы шегінде қабылдаған шешімдерін басшылыққа алады.

3 тарау. Қоғамның акциялары мен акционерлері

9 бап. Қоғамның акциялары

1. Қоғамның акциясы - Қоғам шығаратын және оны басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

2. Бір түрдегі акция, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, оған ие әрбір акционерге осы түрдегі акциялардың басқа иелерімен бірдей құқық көлемін береді.

3. Қоғамның акциялары бойынша дивиденттерді төлеу мерзімділігі – өткен есеп қаржы жылының қорытындысы бойынша жылына 1 рет немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге неғұрлым қысқа кезеңде беріледі.

10 бап. Қоғамның акционерлері

1. Заңды тұлғалар немесе жеке тұлғалар Қоғамның акционерлері бола алады.

2. Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген құқықтарды пайдаланады және міндеттерді атқарады.

3. Қоғам акционері:

1) Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, директорлар Кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

3) дивидендтер алуға;

- 4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 6) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
 - 7) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
 - 8) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және/немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
 - 9) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 10) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы;
 - 12) акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қатысуға;
 - 13) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында иеленген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесінің жеке мүшесінің және (немесе) атқарушы органының жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы.
4. Ірі акционердің, сондай-ақ:
- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
5. Қоғам артықшылықты акцияларды шығарған жағдайда артықшылықты акциялардың меншік иесі – акционер келесі жағдайда қоғамды басқаруға қатысуға құқылы:
- қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырса. Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге: артықшылықты акциялар бойынша теленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту; артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту; артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы;
 - қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселесін қараса;
 - қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселесін қараса;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбесе;

6. Қоғамның акционерлері басқа акционерлердің және Қоғамның келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіп бойынша өзіне тиесілі акцияларды сатуға, сыйға тартуға немесе оқшаулауға құқылы.

4 тарау. Қоғамды басқару

11 бап. Қоғам органдары

1. Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы органы – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Бас директоры;
- 4) осы Жарғыға сәйкес басқа да органдар болып табылады.

12 бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер енеді:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакциясын бекіту;

2) бірлескен басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту немесе Қоғамның үлестірілмеген жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның айырбасталатын құнды қағаздарының шарты мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) жарияланған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

8) директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) мына жағдайлар бойынша Қоғамның қарапайым және артықшылықтары бар акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау:

- ез капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттер төлеу нәтижесінде теріс болса;

- егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымдарына беру туралы шешім қабылдау;

16) Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Қоғам сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесін және оның өзгертулерін бекіту;

17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;

19) «Алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

20) нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнге құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) заңнамалармен және осы Жарғымен айқындалған акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қамтылған жағдайлардан өзге, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына кіретін мәселелер басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың немесе Қоғам қызметкерлерінің құзырына берілмейді.

2. Осы баптың 1 - тармағының 2) - 4), 16) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қабылдаған Директорлар Кеңесінің, Дирекцияның және басқа да органдардың шешімдерін және өз құзырлықтарын пайдалана отырып қабылдаған шешімдерді жоюға құқылы.

4. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіл отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

6. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, еткен қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептелген дивиденд

мөлшері айқындалады. Акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылданатын шешімі акционерлердің жалпы жиналысының құзырына кіретін басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар Кеңесі шақырады.

Қоғам органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылдаған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

8. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізудің қаражат шығыны қоғам есебінен төленеді, қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда.

9. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің, ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Ерікті түрде таралу жағдайында акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақырылады, әзерленеді және өткізіледі.

10. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу және өткізуді атқару органы немесе онымен жасалған келісімге сәйкес орталық депозитарий, не директорлар Кеңесі, немесе қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

11. Егер қоғамның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жиналысы оның талап – арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылады және өткізілуі мүмкін.

12. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады не акционерлерге оны өткізу күніне дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей, ал бір немесе одан да көп акционерге хабарлау үшін пошта байланысының құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей жіберіледі. Егер қоғам акционерлерінің саны 50 акционерден аспаса, хабарлама акционердің назарына жазбаша хабарламаны қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда жіберу арқылы жеткізіледі.

13. Жылдық Жиналыстың күн тәртібін Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

14. Акционерлердің бетпе-бет тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібін қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі, егер Қоғамның акционерлері мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған болса, толықтыра алады. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың екілдерінің) көпшілігі оларды енгізуге дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

15. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

16. Акционерлердің қайта өткізілетін (болмаған жиналыстың орнына) жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді.

17. Акционер жалпы жиналысқа қатысып қаралатын сұрақтар бойынша өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығылы.

18. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде қызмет атқарады.

19. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сондай-ақ, егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын бөлектесе, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызына ие, соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер де, акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттарды көрсеткен жағдайда жалпы жиналысқа қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді, аталған адамдар тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

20. Акционерлердің жалпы жиналысын бетпе-бет өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен;

21. Акционерлердің қайта өтетін жалпы жиналысы, акционерлердің болмай қалған жиналысының орнына күн тәртібінің мәселелерін қарауға және шешімдер қабылдауға құқықты, егер:

- акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталып кворумның болмауы себепті өтпей қалған болса:

- тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер де тіркелген болса.

22. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады, мына жағдайларды алмағанда:

- Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыс беру санын шектеу;

- директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат дауысқа түскен жағдайдан басқа кезде, директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

- жалпы қоғамның жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға жалпы жиналысты өткізу мәселелері бойынша бір дауыс беру.

23. Басқа тұлғалар жалпы жиналысқа тек қана егер акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеше белгіленбесе, шақырумен қатыса алады. Осы тұлғалардың сөйлеу тәртібі жалпы акционерлер жиналысының шешімімен айқындалады.

24. Жарғының 16 бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күн ішінде акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлерге бұқаралық ақпарат құралдарында олардың жариялануы арқылы жеткізіледі.

13 бап. Директорлар Кеңесі.

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланатын директорлар Кеңесі Қоғамның басқару органы болып табылады. Қоғамның директорлар Кеңесінің құрамдық саны жалпы жиналыстың шешімімен анықталады және үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

2. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатындардың үштен екісінің жоғары білімі және бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. Сайлану кезінде жастары толық отыз жастан кем болмауы тиіс.

3. Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады. Төраға қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстар жүргізеді және төрағалық етеді.

Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4. Директорлар Кеңесінің айырықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің және қоғам даму стратегиясының басым бағыттарын анықтау, қоғам дамуының жоспарың бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) директорлар кеңесінің комитеттер туралы ережелерін бекіту;

7) есептік қаржылық жыл үшін қоғамның таза табысын бөлу тәртібін алдын ала бекіту, қоғамның бір қарапайым акциясына есебінде төленетін дивидендтің мөлшерін алдын ала айқындау;

8) қоғамның облигацияларын және еркін бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың шығарылымы туралы шешім қабылдау;

9) атқарушы органды сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) атқарушы органның қызметтерін жеке орындайтын тұлғаның лауазымдық қызметақы мөлшерін және оған еңбек ақы мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау

11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімін анықтау, ішкі аудит қызметінің қызметшілерінің еңбекақы мен сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын айқындау;

12) корпоративті хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративті хатшының лауазымдық қызметақы көлемі мен сыйақы шарттарын айқындау;

13) аудиторлық ұйымның қаржы есеп-қисабының аудиті қызметі үшін төлеу мөлшерін анықтау, сондай-ақ ірі келісімнің заты болып табылатын немесе қоғам акцияларына төлем ретінде берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының көрсеткен қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін айқындау;

14) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукцион өткізудің және қоғамның құнды қағаздарына жазылудың тәртібі мен шарттарын анықтайтын ішкі құжат;

15) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) қоғамның он және одан да артық пайызда басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) алу (айыру) туралы шешімдерін қабылдау;

17) қоғамның он және одан да артық пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет сұрақтары бойынша шешім қабылдау;

18) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызды болатын шамаға көбейту;

19) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалуы туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлердің еңбек ақы жүйесін, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

22) осы Жарғыда айтылмаған атқарушы орган басшысының және мүшелерінің өкілеттіліктерін айқындау, оларды өзгерту және толықтыру;

23) келесі қаржылық жылға қатысты қоғамның өндірістік-шаруашылық жұмысы туралы жоспарын бекіту;

24) өзінің құзыры негізінде үшінші тұлғаға қатысты қоғамды таныстыру;

25) Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларының тізілімін жүргізу;

26) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

27) жалпы акционерлер жиналысының айырықша құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен алдын ала қарастырылған басқа да сұрақтар.

5. Директорлар Кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ айына бір реттен кем болмайтындай директорлар Кеңесінің төрағасы немесе атқарушы органының бастамасымен шақырылады. Сонымен қатар директорлар Кеңесінің отырысы:

- директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымының;
- ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

6. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің төрағасына директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, атқарушы орган директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

7. Директорлар Кеңесінің отырысын директорлар Кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін үш күннен кешіктірілмей директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберіледі. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын ала хабарлауға міндетті.

8. Директорлар Кеңесінің отырысында Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының жартысынан кем болмауы тиіс.

Отырыстың шешімдері директорлар Кеңесінің отырысына қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшесінің бір дауысы болады.

Дауыстар саны тең болған жағдайда директорлар Кеңесі төрағасының немесе директорлар Кеңесінің отырысында төрғалық етуші адамның дауысы шешуі дауыс болады.

14 бап. Қоғамның бас директоры.

1. Қоғамның бас директорын Директорлар Кеңесі сайлайды және қоғамның барлық ағымдағы қызметіне шұғыл басшылықты жүзеге асырады, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға жауапты болады.

2. Бас директор:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста қоғам атынан сенімхатсыз әрекет жасайды, Қоғам атынан және оның мүддесі үшін директорлар Кеңесімен және ҚР заңнамаларымен бекітілген тәртіп бойынша және оның шегінде келісімдер жасайды;

3) үшінші тұлғалармен қарым - қатынас жасау үшін Қоғамды таныстыру құқығына сенімхат береді;

4) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қызмет ақының көлемін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің сыйлық ақы көлемін айқындайды.

5) банктерде Қоғамның есеп және басқа да шоттарын ашады;

6) Қоғам қызметінің ағымдағы және болашақты бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

7) Директорлар Кеңесіне бекіту үшін құрылымның, қоғамның штаттық кестесінің, Қоғам қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесінің, ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен, директорлар Кеңесімен, ҚР заңнамаларының талаптарымен айқындалған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Жалпы жиналыс пен директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған, қоғам қызметіне қатысты барлық мәселелер атқарушы органның құзіретіне кіреді.

3. Бас директордың құқығы мен міндеттері еңбек келісім-шартымен және директорлар Кеңесінің шешімдерімен айқындалады.

15 бап. Есеп комиссиясы

1. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларымен айқындалған өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін Қоғамда құрамында үш адам бар есеп комиссиясы жұмыс істейді. Есеп комиссиясының өкілеттілігінің мерзімін, оның мүшелерін сайлауды және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуды акционерлердің жалпы жиналысы шешеді.

2. Дирекция мүшелері есеп комиссиясының мүшесі бола алмайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының өту барысында жоқ есеп комиссиясы мүшесінің орнына жиналыстың өту барысына қосымша есеп комиссиясының мүшесін сайлауға болады.

4. Есеп комиссиясы:

1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келгендердің өкілетті тұлға екендіктерін тексереді;

2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беруге алынған бюллетеньдердің растығын анықтайды және расталған бюллетеньдердің саны мен онда күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша көрсетілген дауыстарды есептейді;

4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтайды, соның ішінде жиналыс барысы бойында да, кворумның бары жоғын хабарлайды;

5) акционерлердің жалпы жиналысындағы акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша берген дауыстарды есептейді және дауыс беруді қорытындылайды;

7) акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жасайды;

8) Қоғам мұрағатына дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс беру қорытындыларының хаттамасын тапсырады.

5. Дауыс беру қорытындысы бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасап қол қояды. Есеп комиссиясының мүшелері де жалпы жиналыс хаттамасына қол қояды.

5 тарау. Қорытынды ережелер

16 бап. Ақпарат беру

1. Қоғамның қызметі туралы ақпарат (соның ішінде, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама, дауыс беру қорытындысы, Қоғамның ірі келісім жасағандығы туралы шешім, жарияланған акцияларды тарату туралы ұсыныс, дивиденд төлеу туралы шешім) www.condensat.kz сайтында ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде жарияланады.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына орай ашылуға жататын ақпарат Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.

3. Қоғам акционерінің кез келгенінің жазбаша талабы бойынша акционерлердің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі жөнінде ақпарат беруге міндетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Қоғамның қызметіне қатысты басқа да ақпараттар жазбаша өтініш алған кезден бастап акционерлерге 10 календарлық күн ішінде беріледі, ал Жарғының көшірмесі 3 жұмыс күні ішінде беріледі. Егер акционерге берілмек ақпараттың көлемі 25 беттен (А4 форматы, Arial 12) асса, қоғамның атқарушы органының таныстыру күні туралы алдын-ала жазбаша хабарлама беруімен, акционер ақпаратпен оның орналасқан жерінде таныстырылады.

4. Құжаттардың көшірмесіне алынатын төлем мөлшері көшірмелерге кететін шығын басы мен акционерге құжаттарды жеткізумен байланысты шығын төлемінен артық болмауы керек.

5. Қоғам езінің акционерлері мен салымшыларға жеткізуге міндетті қоғамның корпоративті оқиға тізімі туралы мәліметі қоғамның корпоративті басқару Кодексінде анықталған. Корпоративті оқиға туралы мәліметті беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындалады.

17 бап. Қоғам құжаттары

1. Төменде көрсетілген құжаттардан басқа Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде сақталуы тиіс.

1) қоғамның жарғысы, қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) құрылтай жиналысының хаттамалары;

3) қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсат беру;

4) қоғамның өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

5) қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

6) қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

7) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар; акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін табыс етілген акционерлер тізімі;

8) заңнамаға, Жарғыға және қоғамның мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

9) корпоративтік басқару кодексі;

2. Көрсетілген құжаттар қоғамның директор Кеңесі орналасқан жерде сақталуы тиіс.

18 бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу, қызығушылығы бар мәмілелер жасау туралы

1. Қоғамның Ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары аффилирлену туындаған, жойылған немесе өзгертілген күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

2. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті жазбаша Қоғамның директорлар Кеңесіне табыс етуге міндетті.

3. Қоғамның мәміле жасауда қызығушылығы бар тұлғалар деп қоғамның аффилирленген тұлғалары болып танылады, егер олар:

1) мәміленің жағы болып немесе оның өкілі не делдалы болып қатысса;

2) заңды тұлғаның аффилирленген тұлғалары болып мәміленің жағы немесе оның өкілі не делдалы болып қатысса.

Аталған тұлғалар директорлар кеңесіне жазбаша түрде ақпаратты мәлімдеу міндетті:

1) олар мәміленің жағы немесе оның өкілі не делдалы болып қатысып жатқандары туралы;

2) олар мүдделі тұлғалар болып тануылары мүмкін, оларға белгілі жасалып жатқан немесе болжалды мәмілелер туралы.

19 бап. Іске асыруында қызығушылығы бар жеке мәмілелер түрлерін жасау

1. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешім, мұндай мәміленің үлгі шарттарын Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің оны жасауға мүдделі емес жай көпшілік дауысымен қабылданады.

2. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы оны жасауға мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен, егер:

1) егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыс санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда тоқтатылады.

3. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешімді, егер қоғамның директорлар Кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленуші барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылса және (немесе) директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты осындай мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылдайды.

Бұл ретте акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттармен қоса) беріледі.

Қоғамның жасалуына мүдделігі бар мәмілені жасасуы туралы шешімді, егер қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған және (немесе) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда, жалғыз акционер немесе қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға қабылдайды.

4. Қоғамның жасалуына мүдделігі бар ірі мәміле жасасуы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылдайды.

20 бап. Қоғамның қызметін тоқтату шарттары

1. Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату немесе қайта құру туралы шешімімен қоғамның қызметі тоқтатылады.

2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосылуы, бөлінуі, қайта құруы, бөлініп шығуы) Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған тәртіп бойынша орындалады.

3. Қоғамның ерікті таралуы туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кредиторлардың келісімі бойынша және олардың бақылауымен таралу процедурасын анықтайтын акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

4. Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы қоғамның таратылуы кезеңінде қоғамды басқару өкілеттіктеріне және Қазақстан Республикасының заңнамаларында тізімі анықталған әрекеттерді жасау құқығына ие болады.

5. Ерікті таралу кезеңінде Тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар енгізіу тиіс.

**«Конденсат» АҚ
бас директоры**



Муфтеева Н.С.

2020 жылғы " 18 " тамыз

Мен, Дубовая Кунслу Кажғалиевна,

Батыс Қазақстан облыстық нотариалдық округінің жеке нотариус,
мемлекеттік лицензияның №16012254 2016 жылғы 01 тамыз Қазақстан
Республикасының Әділет Миністрлігінде берілген менің қатысуыммен

Муртеев Нурид Саламатовна -
Қорғасан Әкімдерлік қоғамының бас
директорының

қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы
анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ

құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 650 тіркелді

Өндірілді: 3056 теңге

Нотариус КДубоа Дубовая К.К.



1010408 р.ч. 7 бетте
тігілді, нөмірленді
Нотариус

